

Мұнай, табиғи газ, конденсат және ілеспе құраластар қорларын есептеу жөніндегі материалдардың мазмұны, ресімделуі және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссияға ұсынылуы туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі комитет Пайдалы қазбалар жөніндегі Мемлекеттік комиссия (ҚЖМК) 1997 жылғы 20 шілде N 99. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 19 тамыздағы N 465 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрдің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 16-01-4084 бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1105 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі туралы ережесіне сәйкес және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-р "Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" өкімін орындау үшін,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

1. Қосымша тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті бір апта мерзімі ішінде осы бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып Әділет министрлігін х а б а р л а н д ы р с ы н .

3. Осы бұйрық қол қойылған кезден бастап күшіне енеді.

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Энергетика және м и н е р а л д ы қ
р е с у р с т а р м и н и с т р д і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 4 м а м ы р д а ғ ы
N 1 6 - 0 1 - 4 0 8 4 б ұ й р ы ғ ы н а*

қосымша

*Күші жойылған нормативтік құқықтық актілерінің
ТІЗБЕСІ*

5. "Мұнай, табиғи газ, конденсат және қосылу компоненттер қорларын есептеу жөніндегі материалдардың мазмұны ресімделуі және Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жанындағы пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі

Мемлекеттік комиссияға (ҚЖМК) және аймақтық комиссияларға (ҚЖАК) ұсынылуы туралы НҰСҚАЛЫҚ" Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрліктің Мемлекеттік қоры жөніндегі комиссия төрағасының 1997 жылғы 19 тамыздағы бұйрығы (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілердің реестрінде N 465 тіркелген).

Мұнай, табиғи газ, конденсат және ілеспе құраластар қорларын есептеу жөніндегі материалдардың мазмұны, ресімделуі және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссияға ұсынылуы туралы нұсқаулық (Алматы, 1997 ж . , Қ Ж М К) .

Бұл нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Мұнай туралы" және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес, Қазақ геологиялық-барлау ғылыми зерттеу мұнай институты, Қазақстанның дербес тәуелсіз мемлекет ретінде социалдық-экономикалық тұрғыдан ауыспалы кезеңде даму барысын ескере отырып, әзірлеген. Нұсқаулық нарықтық экономиканың осы күнгі қалыптасу жағдайларына бейімделген, бұған кірген мемлекеттік сараптама талаптары кен орындарын барлау және бағалау барысында есептеп шығарылған көмірсутек шикізаттары қорларының күмәнсыздығын жоғарлатуға арналған.

Нұсқаулық мүдделі жетекші министрліктер, идаралықтар мен ұжымдар тарапынан құпталып, ҚЖМК-ның Сараптық-техникалық кеңесінде мақұлданған (N 19 - Х а т т а м а , 16.01.1996 ж .).

Осы нұсқаулықтың талаптарын Қазақстан Республикасы аумағында геологиялық-барлау жұмыстарын атқаратын және мұнай, газ және конденсат қорларын есептейтін барлық, меншігінің түріне қарамай, отандық, ортақтас және шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар орындауға міндетті.

Бұл нұсқаулық 1997 ж. 1-ақпаннан бастап күшіне кіреді, ретінше ССРО ҚЖМК-сының ұқсас мазмұнды нұсқаулығы (М., 19 __ г., ГКЗ СССР) күшін жояды.

" Б е к і т е м і н "
Қ Ж М К Т ө р а ғ а с ы

20.07.1997 ж.

1. Материалдарды ұсыну тәртібі

1.1. Барланған және пайдалану үстіндегі (пайдаланудағы <*>) кен орындары мұнай, жанғыш газ, конденсат және соларда тараған құраластардың қорлары пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі Мемлекеттік Комиссияда (ҚЖМК) қарастырылып бекітілуге тиіс.

<*> - Жақшадағы сөз алдыңғы сөздің (сөздердің) баламасы.

1.2. Мұнай мен газ кен орындарының қор-есеп материалдары (қорларда

есептеу жөніндегі материалдар) кен орнын барлауды немесе пайдалануды, геологиялық-барлау жұмыстары мен мұнай және газ кен орындарын пайдалану ісін реттейтін құжаттарға сәйкес, ҚЖМК-мен келісілген мерзімде жүзеге асырған жер қойнауын пайдаланушылар ұсынады.

1.3. Қор-есеп материалдарын ҚЖМК-ға жіберуден бұрын геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізген жер қойнауын пайдаланушы қарастырып бекітеді. Қор-есеп материалдарын қарастыру нәтижелері ҚЖМК-ға есептік жазбамен (отчетпен) бірге тапсырылады. Материалдарды қарастыру мерзіміне ҚЖМК-ға мұнай мен газ қорларын есептеу жөніндегі алдыңғы есептік жазба қоса жіберіледі.

Пайдаланудағы кен орындары бойынша қайта қор-есеп жүргізілген есептік жазбаны ҚЖМК-ға жөнелтуден бұрын кен орнын пайдаланып отырған жер қойнауын пайдаланушы қарастырып бекітеді.

1.4. Қор-есеп материалдарында мұнай, газ, конденсат және соларда тараған құраластардың шығарып алу коэффициенттерін техникалық-экономикалық негіздеу (ТЭН) болуы керек; ТЭН жеке том (кітап) түрінде ресімделеді.

1.5. Қор-есеп материалдары ҚЖМК-ға толық үш дана есептік жазба (жазба есеп) ретінде ұсынылады. Онан басқа екі данадан жазба-есептің мәтіні, шығарып алу коэффициенттерін техникалық-экономикалық негіздеу (ТЭН) және геологиялық графика (сызбалар) ұсынылады. Қор-есеп материалдарын кен орнының геологиялық құрылысы ерекшеліктері, жүргізілген геологиялық-барлау жұмыстары, қор-есеп нәтижелері туралы көлемі он беттен аспайтын авторлық анықтама, мұнай газ, конденсат және соларда тараған құраластардың шығарып алу коэффициенттерін ТЭН-нің басты қағидалары туралы анықтама (4-5 бет) қосылады. Анықтамалар ҚЖМК бекітілген түрде құрастырылады да бес данамен ұсынылады.

1.6. Қор-есеп материалдарын алғаннан соң ҚЖМК осы материалдарды ұсынған ұжыммен келісім жасайды да оларды келісім шарттарына сәйкес қарастырады (қарайды).

1.7. Қорларды есептеу мұнай, газ, конденсат және соларда тараған құраластардың шығарып алу коэффициенттерін техникалық-экономикалық негіздеу жөніндегі материалдарды қарастыру туралы ҚЖМК-ның шешімдері хаттама ретінде ресімделеді. ҚЖМК хаттамасының көшірмелері ҚЖМК бекіткен тізім бойынша тиісті ұжымдарға жіберіледі.

1.8. Қорлар бекітілгеннен кейін қор-есеп материалдары толығымен бір-бір данадан Республикалық және Аймақтық геологиялық қорларға (фондыларға) тапсырылады. Қорларды бекітуден бас тартқан жағдайда барлық материалдар ҚЖМК хаттамасымен және сараптық тұжырымдармен оларды ұсынған ұжымға қайтарылады.

2. Материалдардың мазмұны

2.1. Қор-есеп материалдары жер қойнауын пайдаланушы тарапынан ресми расталуы керек және оларда қор-есепті автордың тікелей қатысуынсыз-ақ тексеріп шығуға қажетті барлық деректер болуы шарт.

2.2. Қор-есеп материалдары мыналардан тұрады: мәтіндік бөлім, мұнай, газ, конденсат және соларда тараған құраластардың шығарып алу коэффициенттерін техникалық-экономикалық негіздеу (ТЭН), мәтіндік, кестелік және сызбалық (графикалық) қосымшалар, геологиялық-барлау, геофизикалық, гидрогеологиялық жұмыстар мен скважиналық зерттеулердің құжаттамасы, кен орнын пайдалану деректері және қор-есеп пен мұнай және газ кен орнын пайдалану ісін жобалау үшін қажетті басқа да бастапқы мағлұматтар.

2.3. Мәтіндік бөлімде кен орнының геологиялық құрылысы туралы мағлұматтар, мұнда жүргізілген іздестіру, барлау және пайдалану жұмыстарының нәтижелері, қор-есепті және кен орнының өнеркәсіптік игеруге даярланғанын негіздейтін басқа да материалдар, көзделіп отырған пайдалану жүйесі жөнінде немесе жүзеге асырылып отырған жүйе бойынша өзгерістер туралы ұсыныстар, сондай-ақ кен орнының болашағын жалпы бағалау. Қорлары ҚЖМК-да бұрын бекітілген кен орындары бойынша қорлар мен есептік параметрлерде бұрын бекітілген шамаларға қарағанда болған өзгерістерге дәйекті (мұқият) талдау жасау қажет.

- Мәтіндік бөлімнің көлемі 250 беттен аспауы керек. Мәтінге кіретін кестелік материал жиынтық сипатта болуы керек;

- қорытындылар мен тұжырымдарға негіз болған қосымша материал кестелік қосымшаларға кіргізіледі. Мәтінде карта, графика, сурет сияқты айқын безендіруші материалдар есептік жазбаның негізгі қағидаларын түсіндіруге қажет болса ғана беріледі.

2.4. Мұнай, газ, конденсат және соларда тараған құраластардың шығарып алу коэффициенттерін ТЭН-де мыналар болуы керек:

- сол коэффициенттерді осы ауданда қолдануы;

- мақұлданған әдістемемен есептеп шығару;

- кен орнын пайдалану жүйесінің әр варианттық есептері;

- жер қойнауы мен қоршаған ортаны сақтау жөнінде заңдылықтар талаптарын орындай отырып, осы күнгі техникалық жабдықтар мен технологиялық тәсілдерді қолдану арқылы жер қойнауынан мұнай, газ және конденсат шығарып алу экономикалық мақсатқа сәйкес (тиімді) болуын қамтамасыз ететін ұсынылып отырған пайдалану вариантын негіздеу.

2.5. Мәтіндік бөлімде қажетті реттеуші құжаттама болуы керек, атап айтқанда, қор-есеп материалдарды мүдделі ұжымдар мен геологиялық-барлау және пайдалану (игеру) жұмыстарын жүзеге асырған ұжымдардың ғылыми-

техникалық кеңестерінде қарастыру нәтижелері, сондай-ақ басқа (бөтен) ұжымдар орындаған қосымша жұмыстардың нәтижелері. Пайдаланудағы кен орындары бойынша мұнай шығару мөлшері, ысырап мөлшері, бекітілген қорлардың есептеп шығарылуы, алынған өнімнің сапасы, пайдалы қазбаларды кешенді ұқсату (іске асыру) толықтығы туралы мағлұматтар берген жөн.

2.6. Кестелік қосымшаларда параметрлерді анықтау қор-есеп амалдары мен нәтижелері жөнінде материалдар, сондай-ақ есептік жазба мәтінінде жазылған негізгі қағидалар мен қорытындыларды айқындауға (растауға) қажетті мағлұматтар болу керек.

2.7. Сызбалық (графикалық) қосымшалар, саны мейлінше аз бола тұра, геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижелерін көрсетуі керек, олар: кен орнының геологиялық құрылысы, мұнайлы-газдылығы, есептелген қорлар шектемесінің алатын орны (орналасуы), есептік параметрлерді, өнімбергіш кеңістіктің (резервуардың) құрылысын т.с.с. негіздейтін қосымшалар.

2.8. Пайдаланудағы кен орындарында скважиналар өте көп болғанда алғашқы геологиялық-геофизикалық материалдар мен сынамалау нәтижелері кен орнында біркелкі орналасқан және оның геологиялық құрылысы мен мұнайлы-газдылығы ерекшеліктерін сипаттайтын скважиналар тобы ("тіректік" скважиналар) бойынша беріледі. Материалдарды тек қана тіректік скважиналар бойынша ұсыну ҚЖМК-мен келіскен жағдайда орындалады.

3. Мәтіндік бөлім

3.1. Жазба-есеп мәтінін құрастырғанда материал мынадай ретпен баяндалуы керек:

- кіріспе;
- кен орны туралы жалпы мағлұматтар;
- ауданның және кен орнының геологиялық құрылысы;
 - геологиялық-барлау жұмыстары;
- скважиналардағы геофизикалық зерттеулер және алынған деректерді талдау (интерпретациялау) нәтижелері;
- кен орнының мұнайлы-газдылығы;
- өнімбергіш қабаттар мен жамылғы қабаттар коллекторларының тасбаған бойынша физикалық-литологиялық сипаттамасы;
- мұнай, газ және конденсаттың құрамы мен қасиеттері, солардағы құраластардың өнеркәсіптік маңызын бағалау;
- гидрогеологиялық жағдайлар;
- кен орнын пайдалану жөнінде мағлұматтар;
- мұнай, газ, конденсат және соларда тараған құраластардың қорларын есептеу және есептік параметрлерді негіздеу;
- есептеп шығарылған қорларды Мемлекеттік баланста есепте тұрған және

- бұрын бекітілген қорлармен салыстыру;
- қоршаған ортаны қорғау жөнінде шаралар;
 - геологиялық-барлау жұмыстарының әсерлігі (тиімдігі);
 - тұжырымдама;
 - пайдаланылған әдебиет тізімі.

3.2. Кен орны геологиялық құрылысының, сондай-ақ геологиялық-барлау және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен пайдалану деректеріне қарай авторлар жоғарыда тізілген тараулардың (бөлімдердің) көлемін және жеке қағидаларды баяндау толықтығын өздері анықтайды. Әр бөлімде алынған деректердің толықтығы мен мәселенің зерделену дәрежесі туралы қысқаша қорытындылар болады.

3.3. Қор-есеп материалдарын қайта ұсынғанда қосымша жүргізілген жұмыстардың әдістемесі, көлемі, сапасы, әсерлігі және нәтижелері туралы мұқият баяндалады, бұрын кен орнын геологиялық-өнеркәсіптік тұрғыдан бағалағанда қалыптасқан көзқарастарға кіргізілген өзгерістер дәйекті негізделеді. Өзгермеген мағлұматтар алдыңғы есептік жазбаға сілтеу арқылы қысқартылған түрінде берілуі мүмкін. Пайдаланудағы, қор-есеп орындалғаннан кейін геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілмеген, кен орындары бойынша "Геологиялық-барлау жұмыстарының" және "Геологиялық-барлау жұмыстарының әсерлігі мен сапасы" - деген тараулар есептік жазбадан шығарылады.

Есептік жазбаның тиісті бөлімдерінде баяндалуға жататын негізгі мәселелер тізбегі төменде берілген.

3.4. Кіріспе

3.4.1. Кен орнының алғаш ашылу уақыты және геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілген мерзімдер. Кен орнында жүргізілген геологиялық-барлау жұмыстарының мақсаттары.

3.4.2. Қорларды бұрын бекіту туралы ҚЖМК хаттамаларының кезекті сандары мен күнтізбелері, ал қорларды бекітуден бас тартқан жағдайда - материалдарды қайтару себептері. Бекітілген қорлар (топтар мен категориялар бойынша), алдыңғы қор-есеп күнтізбегі қарсаңында өндірілген мұнай, конденсат және газ көлемі (санмен), қор-есеп себептерін негіздеу.

3.4.3. Материалдарды алдыңғы жолы қарастырғанда берілген ұсыныстардың (ақыл-кеңестердің) орындалуы туралы мағлұматтар.

3.5. Кен орны туралы жалпы мәліметтер

3.5.1. Кен орнының географиялық және әкімшілік тұрғыдан алатын орны:

- Ең жақын елді мекендер, оларға дейінгі қашықтық. Тасымалдық (транспорттық) жағдайлар, кен орнынан ең жақын ірі мекенге, теміржол немесе сужол аялдамаларына, мұнай немесе газ құбырына, пайдалану үстіндегі мұнай немесе газ кен орнына, энергия жабдығына және жер сілкінетін ауданға дейінгі

қ а ш ы қ т ы қ ;

- құрылыс материалдары туралы мағлұматтар.

3.5.2. Кен орны мен ауданның табиғи-климаттық жағдайлары:

- орташа айлық, жылдық және өрескел (экстремалдық) температуралар, жылдық және қысқа мерзімдік жауын-шашынның ең жоғарғы шамасы, үстемдік ететін желдердің бағыты мен қуаты, қардың қалыңдығы мен таралуы, маусымдық тоңның қалыңдығы;

- жер бедері, өзен торы, аумақтың саздануы, кен орнына жақын немесе оның аумағындағы ағын сулар мен су айдындар, мұнай мен газ шығарып алу барысында оларды ауыз су және техникалық су ретінде пайдалану мүмкіндігі.

3.5.3. Кен орнын ашу және барлау тарихы, кен орнын алғаш ашушылар, бұрын орындалған жұмыстар мен зерттеулер, олардың тәсілдемесі, көлемі, сапасы және әсерлігі (тиімдігі) туралы қосымша мәліметтер. Пайдаланудағы кен орындары бойынша пайдалануға қосылған жылы, пайдаланылып отырған қабаттар (шоғырлар).

3.6. Аудан мен кен орнының геологиялық құрылысы

3.6.1. Ауданның геологиялық құрылысы туралы қысқаша мағлұматтар:

- Ауданның жалпы геологиялық құрылымы шегінде кен орнының алып жатқан орны. Қабылданған стратиграфиялық сызба (схема). Кен орнының қимасын құрайтын шегінділер кешенінің (жиынтығының) қысқаша сипаттамасы;

- бұл тұста стратиграфиялық бөлшектердің геологиялық жасы, кеңістікте таралуы, қалыңдығы және созылымы мен сүңгуі бойынша үздіксіздігі көрсетіледі ;

- Жиынтықтық (нормалдық) геологиялық-геофизикалық қимамен және стратиграфиялық бөліністер кестесімен безендіріледі.

3.6.2. Кен орнының бірінші және екінші реттегі (қатардағы) тектоникалық элементтерге о р а й л а с у ы .

- Кен орнының тектоникасы туралы негізгі мағлұматтар: қатпарлардың (складкалардың) түрлері, пішіні, аумағы, осьтерінің бағыты, канаттарындағы жыныстардың сүңгу бұрышының өзгеруі, шегінділердің құрылымы және геологиялық жасы тұрғысынан өзара ұштасуы;

- үзілмелі (опырмалы) бұзылыстар - жайғасу элементтері, жылжу амплитудасы мен сипаты. Аз амплитудалық бұзылыстардың айқындалып орын тебу заңдылықтары. Мұнайлы-газды қабаттардың кескіні мен жайғасу жағдайына тектоникалық бұзылыстардың тигізетін әсері.

3.6.3. Құрылымдық кескіндемелердің (құрастырмалардың) далада жүргізілген геофизикалық зерттеулер, құрылымдық бұрғылау және барлау барысында алынған нақтылы деректермен, ал пайдаланудағы кен орындары бойынша -

пайдалану материалдарымен де расталуы.

3.6.4. Бұрын қорлары бекітілген пайдаланудағы кен орындары бойынша - кен орнының құрылысын сипаттайтын бұрынғы материалдардағы мәліметтерді оны пайдалану және қайта барлау барысында алынған деректермен салыстыру, белгілі болған (айқындалған) айырмашылықтарды талдау, алдыңғы геологиялық-барлау жұмыстарының күмәнсыздығын бағалау.

3.6.5. Геологиялық құрылысы туралы көзқарастар өзгермеген пайдаланудағы кен орындарының геологиялық сипаттамасын, бұл жөнінде мағлұматтар толығырақ келтірілген бұрынғы есептік жазбаға сілтеме жасай отырып, қысқаша б е р у г е б о л а д ы .

Бөлімдер 3.6.2. - 3.6.6. әртүрлі тіректік беткейлер бойынша геологиялық қималармен және құрылымдық карталармен безендіріледі.

3.7. Геологиялық-барлау жұмыстары

3.7.1. Геофизикалық дала зерттеулерінің көлемі мен нәтижелері. Қолданылған жұмыс әдістемелерінің кешені (жиынтығы), оларды атқару әдістемесі, алынған деректерді талдау (интерпретациялау) нәтижелері. Құрылымдық және картаға түсіру үшін бұрғылаудың көлемі және нәтижелері.

3.7.2. Геологиялық жұмыстар жүргізуге арналған жоба туралы мәліметтер.

- Кен орнын барлау жүйесін негіздеу;
- бұрғыланған қабаттар мен оларды бұрғылау тәртібі, әртүрлі скважиналардың саны мен оларды орналастыру тәсілдері, скважиналар арасындағы ара қашықтықтар;
- мұнайлы-газды шектемедегі скважиналар саны;
- бүкіл қима және өнімбергіш қабаттар бойынша тасбаған алу үшін скважиналарға түсетін жобалық салмақтар, қабаттарды сынамалау тәсілдерінің кешені. Бұрғыланған скважиналардың өзіндік мақсаттары, олардың конструкциялары, бұрғылау технологиясы, тереңдігі және техникалық күйі. Бүкіл қима және өнімбергіш қабаттар бойынша скважиналардағы тасбаған шығымы туралы деректер. Мұнай мен газға қаныққан аралықтардың тасбағанмен с и п а т т а л у ы .

3.7.3. Қор есеп күнтізбесі қарсаңына бұрғыланған скважиналардың күйі, қатардан шыққан (жойылған) скважиналардың саны және олардың қатардан шығу себептері. Қор-есеп шектемесінен тысқары қалған скважиналарды пайдалану, қор-есеп қайта жүргізілгенде - қор-есеп күнтізбесі қарсаңына бұрғыланған барлық скважиналардың күйі, геологиялық-барлау жұмыстарының бұрын қабылданған әдістемесі мен барлау скважиналарын орналастыру жүйесінің кен орны геологиялық құрылысына сәйкестігін талдау.

Бөлімдер 3.7.1. - 3.7.3. скважиналардың техникалық күйін және скважиналар қималарының алынған тасбағанмен сипатталуын көрсететін кестелермен,

зерделеніп отырған объектіде іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізу үшін негіз болған құрылымдық карталармен жабдыкталады.

3.7.4. Скважиналарды сынамалау әдістемесі мен нәтижелері, оларға мұнай ағымын тарту жағдайлары, ағым қарқыны туралы мағлұматтар, мұнай мен газ ағымдарын өлшеу мерзімі, скважиналардың қуаты (өнім бергіштігі), әртүрлі жүргідегі кірістің (дебиттің) тұрақтылығы, бауыздықты (забойды) тазалау жағдайлары, қабаттық және бауыздықтық қысым, деңгей ойыстары (депрессиялары), газұстамдық конденсаттың таралу мөлшері т.с.с.

Бөлім скважиналар мен объектілер бойынша сынамалау көлемі мен нәтижелерін көрсететін кестелермен жабдыкталады.

3.7.5. Скважиналарды бұрғылау барысында құбырда және кабельде қабатсынағышпен сынамалау көлемі мен нәтижелері. Бөлім скважиналарды бұрғылау барысында және құбыр кигізілген жағдайда сынамалау нәтижелерін салыстыратын кестелермен жабдыкталады.

3.7.6. Алғаш тәжірибелік (сынақтық) және тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану нәтижелері:

- скважиналардың саны;
- әр скважинаның жұмыс істеу уақыты;
- әр скважина және кеншоғыр бойынша шығарып алынған мұнай, газ, конденсат және судың көлемі;
- деңгей ойысының (депрессияның), мұнай, газ, конденсат және су кірістерінің өзгеруі;
- қабаттық қысымның құбылуы, мұнай ағымын қарқындату мақсатында бауыздық маңы (забой маңы) зонасын өңдеу нәтижелері;
- басқа да қосымша мәліметтер. Бөлім тиісті графикалар, сызбалар және кестелермен жабдыкталады.

3.7.7. Кен орнын барлау және пайдалану барысындағы тәжірибелік - өнеркәсіптік жұмыстар: мақсаты, жүргізу технологиясы, мерзімі және нәтижелері. Бөлім тиісті графикалар, сызбалар және кестелермен жабдыкталады.

3.7.8. Атқарылған жұмыстардың сапасын және игерудің келесі кезеңінде кен орнының даярланғандығын талдау.

- Іздестіру-барлау үшін бұрғылауға негіз болған геофизикалық дала зерттеулерінің дәлме-дәлдігі және зерттеулер нәтижелерінің барлау үшін бұрғылау деректеріне сәйкестік дәрежесін бағалау;

- есептік параметрлерді негіздеу үшін тасбағанды пайдалану дәрежесі. Бұрғыланған скважиналар көлемінің (санының) кеншоғыр шегінен тыс қалып қатардан шығарылған скважиналар көлеміне қатынасы. Кеншоғырлардың биіктігі мен аумағы бойынша сынамалау, тасбаған мен қабаттық флюидтерді талдау (анализдеу) тұрғысынан зерделенуі.

3.8. Скважиналарды геофизикалық зерттеу, алынған деректерді талдау (интерпретациялау) әдістемесі мен нәтижелері

3.8.1. Жүргізілген скважиналық геофизикалық зерттеулердің (СГЗ) көлемі. Қолданылған әдістер кешені және оны негіздеу, әртүрлі әдістермен зерттелген скважиналардың саны, әрбір өнімбергіш қабат бойынша орындалған зерттеулер әдістерінің тізбесі және олардың әсерлігі. Жүргізілген жұмыстардың техникасы (зондтардың түрлері мен аумақтары, каротаждың масштабы мен жылдамдығы, жуғыш ерітіндінің физикалық қасиеттері), олардың сипаты мен нәтижелері. Ең жаңа геофизикалық әдістер мен аппаратураны пайдалану дәрежесі.

Пайдаланудағы кен орындарын ұзақ уақыт пайдалану үшін бұрғылау барысында СГЗ кешенінің, оларды жүргізу жағдайларының, балшық ерітіндісі сипаттамаларының т.б. өзгеруі.

3.8.2. Интерпретациялау әдістемесі:

- реперлерді, коллекторларды және өнімбергіш қабаттарды айқындау;
- қабаттардың әсерлі қалыңдықтарын және кеуектілік, мұнай мен газға қанықшылық, ығыстыру, балшықтық және сіңіргіштік коэффициенттерін анықтау;

- мұнай-су, мұнай-газ және газ-су шекара беткейлерінің (жапсарларының) орындарын анықтау;

- қабылданған әдістің өкілділігін негіздеу. Кесте түрінде - скважиналар мен қор-есеп объектілері (шоғырлар, қабаттар) бойынша параметрлердің нақтылы шамалары мен олардың ең ықтимал орташа шамасы;

- параметрлерді анықтаудың дәлме-дәлдігін бағалау. Кесте түрінде - өнімбергіш қабаттардың геофизикалық әдістер арқылы алынған параметрлерін тасбағанды лабораториялық зерттеулер нәтижелерімен салыстыру;

- салыстыру нәтижелерін талдау. Коллектор параметрлерінің төменгі шектік шамаларын СГЗ деректері бойынша негіздеу және тасбаған бойынша анықтау, скважиналары зерттеу нәтижелерімен т.б. байланыстыру.

3.8.3. Қорлары бұрын бекітілген пайдаланудағы кен орындары бойынша алдыңғы және жаңа қор-есепте келтірілген скважиналарды геофизикалық зерттеу нәтижелерін өзара салыстыру, ал өзгерістер болған жағдайда - айырмашылықтардың себептерін талдау қажет. Алынған параметрлердің күмәнсыздығын талдау және оны көтеру жөнінде ұсыныстар.

Қор-есеп үшін бұрын пайдаланылған СГЗ нәтижелерін қайта интерпретациялаған жағдайда - қабылданған өзгерістерді негіздеу. Бұрынғы қор-есеп бойынша қабылданған параметрлер, олар негізделген есептік жазбаға сілтеме жасай отырып, келтіріледі.

Бөлім 3.8. скважиналар бойынша масштабы 1:200 планшеттермен

жабдықталады, бұларға орындалған СГЗ-дің барлық әдістері, айқындалған әсерлі қабаттар, су-мұнай, газ-мұнай және газ-су шекараларының абсолюттік биіктіктегі орындары, жыныстардың фильтрациялық-сиымдылық қасиеттері жөнінде тасбағандық ақпарат және қажетті болса басқа да ақпарат түсіріледі. Қажет болғанда қосалқы сызба (графикалық) қосымшалар беріледі.

3.9. Мұнайлы - газдылық

3.9.1. Ауданның мұнайлы-газдылығының қысқаша сипаты. Өнімбергіш қат-қабаттардың кен орны қимасындағы орны. Өнімбергіш қабаттар, шоғырлар саны.

3.9.2. Кен орнының геологиялық-кәсіпшілік түр-сипаты (моделі):

- Әр мұнай шоғыры табиғи кеңістігінің (резервуарының) құрылысын негіздеу (әсерлі қат-қабаттардың аудан мен қима бойынша жайғасу ерекшеліктері, коллектор түрлерінің таралуы, коллекторлық қасиеттер нашарлаған және жақсарған зоналар, салалану және құмтастану коэффициенттері);

- су-мұнай, газ-мұнай және газ-су шекараларын негіздеу;

- шоғырлардың аумағы мен биіктігі, газды, мұнайлы, газасты, сулы- мұнайлы зоналардың аумағы, шоғырдың түрі (типі);

- өнімбергіш қабаттардың салыстырмалы сипаттамасы;

- өнімбергіш қабаттар арасындағы шекаралық беткейлердің сипаттамасы;

- өнімбергіш қат-қабаттың жалпы биіктігі, шоғырлар пландарының өзара қ а т ы н а с ы ;

- қабаттық флюидтер қасиеттерінің аумақ және қима бойынша өзгеру з а ң д ы л ы қ т а р ы ;

- шоғырларды өнім беру (мұнай, газ шығарып алу) мүмкіндігі тұрғысынан салыстырмалы түрде сипаттау;

- өнімбергіш қиманың термобарометриялық сипаттамасы;

- пайдаланудағы кен орындары бойынша бөлім пайдалану объектілері бойынша қорлардың, шығарып алуы қиын қорларды бөліп көрсете отырып, құрылымы туралы мәліметтермен толықтырылады.

3.9.3. Мұнай, газ және конденсаттың қиманың бұрғыланбаған бөлігіндегі жыныстарға орайласқан болжамдық ресурстарын мүмкіншілігінше бағалау;

- бұл осы жыныстар зерделенген іргелес кен орындарына ұқсастық бойынша және осы құрылымдық-фациалық зона шегінде мұнай мен газ кен орындарының түзілу (пайда болу) жағдайларын талдау негізінде жүргізіледі.

Бөлім 3.9. геологиялық-литологиялық қималармен, мұнай-су, газ-мұнай және газ-су шекараларын негіздейтін сызбамен, басқа да графикалық ақпаратпен жабдықталады.

3.10. Өнімбергіш қабаттардың тасбаған бойынша физикалық-литологиялық сипаттамасы

3.10.1. Тасбаған үлгітастарын шөгінділер қимасына байластыру, тасбаған алу әдістемесі және алынған тасбағанның сапасы. Физикалық параметрлерді зерделеу әдістемесі. Зерттелген тасбаған үлгітастарының жалпы саны (мұның ішінде кеуектілік пен өткізгіштіктің орташа шамаларын, уәкілді емес үлгітастарды шығарып тастай отырып, таңдап алуда есепке алынғандар) және оларды қимаға байластыру, әр скважина қимасын, жалпы қиманы және шоғыр аумағын тасбағанмен сипаттау біркелкілігі.

3.10.2. Тасбаған бойынша ашық кеуектілік пен сіңірушіліктің төменгі шектік шамаларын негіздеу, коллекторлар түрін анықтау.

3.10.3. СГЗ деректерін талдауды қамтамасыз ету және есептік параметрлерді негіздеу үшін петрофизикалық зерттеулер. Зерттеулер кешені мен әдістемесі, алынған өзара тәуелділіктер.

3.10.4. Әр өнімбергіш қабат бойынша коллектор-жыныстар үшін: заттық және түйірлік (гранулометриялық) құрам, түйіршіктердің малталануы және олардың екшелу дәрежесі, цементтің түрі (типi) мен құрамы, балшықтық материалдың құрамы және қабатта таралуы, жыныстардың сиымдылық және фильтрациялық қасиеттері (ашық кеуектілігі, жарықшақтығы, ұсақ қуыстылығы, суға және мұнайға-газға қалдықтық қаныққыштығы, абсолюттік және әсерлі сіңіргіштігі), қабаттың аумағы мен қимасы бойынша өзгеру заңдылықтары, коллектор-жыныстардың физикалық қасиеттері (электрөткізгіштігі, сығылу коэффициенті, серпілмелігі, радиоактивтігі т.б.) және солар мен коллекторлық қасиеттер арасындағы есептік параметрлерді негіздейтін басты тәуелділіктер.

Пайдаланудағы кен орындары үшін қор-есеп қайта жүргізілгенде тек қана жаңа өнімбергіш қабаттар бойынша физикалық-литологиялық қасиеттер туралы жан-жақты сипаттама беріледі. Бұрын зерделенген қабаттар бойынша онан кейінгі зерттеулер деректерімен толтырылған қысқаша мағлұматтар беріледі. Өзгеріссіз қалған коллекторлардың параметрлері тиісті есептік жазбаға сілтеме ж а с а л ы п к е л т і р і л е д і .

3.10.5. Жамылғы жыныстардың литологиялық және петрофизикалық қасиеттері арасындағы тәуелділіктің сипаттамасы: заттық құрам, кеуектілік, ж а р ы п ш ы ғ у қ ы с ы м ы т . б .

Бөлім 3.10. тасбағанның жазба сипаттамасымен тасбағанды талдау кестелерімен және тиісті графикалық қосымшалармен жолдамаланады.

3.11. Мұнай, газ және конденсаттың құрамы мен қасиеттері, олардағы құраластардың өнеркәсіптік маңызын бағалау

3.11.1. Тереңдік сынамаларды алу жағдайлары мен әдістемесі - алу тереңдігі, қабаттық қысым, қабаттық температура. Өнімбергіш қабаттар бойынша жер бетінде және тереңдікте алынған сынамалардың саны мен сапасы. Зерттеулердің әдістемесі және оларды жүргізген ұжым. Әр қабат (шоғыр), аумақ және қима

бойынша мұнай мен газ құрамының зерделену толықтығын негіздеу.

3.11.2. Мұнай, газ және конденсаттың қабаттық және қалыпты (стандарттық) жағдайларындағы физикалық-химиялық қасиеттері: тығыздығы, тұтқырлығы, газұстамдығы (газдылығы), көлемдік коэффициенті, сығылу коэффициенті, құрамы - күкірт, металдар, гелий және басқа да құраластары. Құрамы мен қасиеттері бойынша жеке көрсеткіштердің шоғыр аумағы мен қима бойынша өзгергіштігі және әр шоғыр бойынша олардың орташа шамалары.

3.11.3. Мұнай, газ және конденсаттың тауарлық сипаттамасы. Мұнай, газ және конденсатты мемлекеттік қалыптардың (стандарттардың) тиісті топтарына жатқызу туралы қорытынды.

3.12. Гидрогеологиялық жағдайлар

3.12.1. Гидрогеологиялық зерттеулер мен бақылаулардың көлемі, мазмұны және әдістемесі. Ашық скважина сүмбесінде қабатсынағыш пен колоннада сынамаланған және СГЗ материалдары бойынша бөлінген (айқындалған) сулы аралықтар. Сулы қабаттар саны, олардан алынған су және суда еріген газ сынамаларының саны, осы сынамаларды талдау деректері. Скважина сағасы қысымының, статикалық және динамикалық деңгейлердің, температураның, дебиттің т.б. қалпына келу қисық сызықтары. Деректер көп болғанда олар кесте түрінде ресімделеді. Жүргізілген жұмыстардың көлемі мен толықтығы.

3.12.2. Сулы қабатшықтардың (горизонттардың) сипаттамасы: жайғасу тереңдігі, сулы жыныстардың фильтрациялық және сиымдылық қасиеттері, скважиналардың су шығымдары (дебиттері) және соларға сәйкес деңгейлер мен деңгей ойыстары. Гидрогеологиялық жүйе сипаттамасы: жеке сулы қабатшықтар бойынша су тепкіні, қабатшықтардың гидрогеологиялық байланысы, ауданның гидрогеологиялық жүйесіндегі олардың орны, шоғырлардың шектемеден тыс бөлігіндегі қабаттық қысым туралы деректер және скважиналардың қ а б ы л д а ғ ы ш т ы ғ ы .

3.12.3. Жерасты суларының химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері (еріген газ бен сығылу коэффициентін анықтауға арналған арнайы зерттеулер), минералдануы, қаттылығы, цемент пен металжегіштігі (агрессивтігі). Жерасты суларында йод, бор, бром басқа да пайдалы құраластардың таралу мөлшері, оларды өнеркәсіптік деңгейде шығарып алу мүмкіндігін бағалау және кейін арнайы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттілігін анықтау.

3.12.4. Өнімбергіш қабатшықтардың шектемелерінен тыс зоналардың барлау деректері бойынша сипаттамасы: қабатшық қай (қандай) кешенге жататындығы, сулардың химиялық және газдық құрамы, температурасы және су-мұнай немесе су-газ жапсарлары деңгейіндегі қабаттық қысым, қабаттық судың физикалық қасиеттері (пьезометриялық бақылауды пайдаланған жөн). Сушоғырдың мүмкін б о л а т ы н с о р ғ у ж ү р г і с і .

3.12.5. Жерасты суларын жылу энергетикалық, емдеу және мелиорациялық мақсаттарда, ауыз суы ретінде және техникалық сұтұтыныста пайдалану мүмкіндігі туралы тұжырым.

3.12.6. Бөгде (тысқары) ұжымдар атқарған арнайы зерттеулердің нәтижелері болғанда бөлімде осы зерттеулердің деректері бойынша қысқаша қорытындылар келтірілуі және кен орнының гидрогеологиялық және геокриологиялық ерекшеліктерін зерделеуде оларды пайдалану дәрежесі туралы айтылуы керек.

3.12.7. Пайдаланудағы кен орындары үшін материалдарда алдыңғы қарастырудан кейін бұрғыланған скважиналарда жүргізілген зерттеулердің қосымша нәтижелері туралы қысқаша мағлұматтар беріледі және осы жаңа деректерді бұрын ұсынылған мәліметтермен салыстыру келтіріледі. Нәтижелерде айырмашылық болса оның себептерін талдау қажет.

3.13. Кен орнын пайдалану туралы мәліметтер

3.13.1. Кен орнын барлау аяқталмай тұрып, барлау немесе алдын ала пайдалану үшін бұрғыланған жеке скважиналарды тәжірибелік пайдалануға қосқанда мынадай деректер келтіріледі:

- тәжірибелік пайдалануда тұрған скважиналар саны;
- әр скважинаның жұмыс істеу уақыты;
- әр скважина және шоғыр бойынша мұнай, газ, конденсат және судың көлемі ;
- әр скважинаны тәжірибелік пайдалану мерзімінде деңгей ойыстарының, мұнай мен газ шығымының және қабаттық қысымдардың өзгеруі;
- өнім ағымын қарқындату мақсатында бауыздық маңы зоналарын өңдеу;
- скважиналарды сынамау және зерттеу барысында апаттық фонтан шығу салдарынан мұнай, газ конденсат және судың ысырап болу шамасы. Газ шоғырлары үшін газ алу, ысырапты ескере отырып, нәтижелері, қорларды қысым төмендеу әдісімен есептеуге қажетті бастапқы ағымдық қабаттық қысымдар және басқа да деректер беріледі.

3.13.2. Пайдаланудағы кен орындары бойынша мыналар келтіріледі:

- пайдаланылып отырған мұнай немесе газ қабаттары бойынша жобалық және нақтылы шығарып алынған өнім, пайдалану мерзімінде алынған мұнай, газ, конденсат және судың қосында өнімі және оны іске асыру;
- шикізатты өндіру мен өңдеу барысында ондағы құраластарды шығарып алу туралы нақтылы деректер, әр мұнай шоғырын пайдалану нәтижелеріне талдау жасау және пайдалану жүйесін сипаттау;
